Тұрлыбай Бақыт Серікқызының
«8D01605 – Қазақстанның жаңа әлеуметтік тарихы» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
«XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесі материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері»
тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбы: XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесі материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері.

Зерттеу мақсаты: XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған білім беру және ағартушылық мәселелерді тарихи-педагогикалық тұрғыдан кешенді зерттеу, олардың Қазақстандағы жаңа үлгідегі мектеп жүйесінің қалыптасуына және ағартушылық қозғалыстың дамуына ықпалын айқындау, сондай-ақ бұл материалдарды Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеу. XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттерінде көтерілген білім беру мен ағарту мәселелерін тарихи тұрғыда талдап, олардың мазмұны мен маңызын айқындау және аталған материалдарды Қазақстан тарихы пәнін оқытуда пайдаланудың заманауи әдістемелік негіздерін анықтау.

Зерттеу міндеттері

-XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді баспасөздің қалыптасу және даму кезеңдерін тарихи тұрғыдан сипаттау;
-Ұлттық басылымдарда жарияланған білім беру және ағартушылық мазмұндағы материалдарды тақырыптық-идеялық тұрғыда жүйелеу;
- Баспасөздегі педагогикалық және ағартушылық ой эволюциясын айқындап, оның тарихи-педагогикалық мәнін ашу;
- Ұлттық мерзімді басылымдардың Қазақстандағы сауатсыздықты жою, мұғалімдер даярлау, оқулық шығару және жаңа әліпбиге көшу сияқты ағартушылық үдерістердегі рөлін талдау;
- Мерзімді баспасөз материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде қосымша дереккөз ретінде пайдаланудың әдістемелік тәсілдерін ұсыну;
- Тарих сабағында ұлттық баспасөз материалдарын қолдану арқылы оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру мен ұлттық құндылықтарды дәріптеу жолдарын негіздеу.
- XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөздің қалыптасуы мен дамуындағы ағартушылық бағыттың орнын анықтау;
- Ұлттық баспасөз беттерінде жарияланған білім беру мен ағарту мәселесіне арналған материалдардың мазмұнын жүйелеу;
- Ағартушылық идеялардың негізгі бағыттарын (мектеп, мұғалім, оқулық, ана тілінде білім беру т.б.) айқындау;

- Ұлттық интеллигенцияның білім беру жөніндегі көзқарастарын мерзімді баспасөз материалдары негізінде талдау;
- Ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік мүмкіндіктерін көрсету;
- Білім алушылардың тарихи ойлау, дерекпен жұмыс істеу және сыни талдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған заманауи оқыту тәсілдерін ұсыну.

Зерттеу әдістері. XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз – қазақ халқының рухани жаңғыруының, ағартушылық ой-пікірдің және ұлттық сана-сезімнің оянуының маңызды дереккөзі болып табылады. Бұл материалдарды Қазақстан тарихы сабағында пайдалану тарихи деректермен жұмыс істеудің жаңа әдіснамалық бағыттарын айқындайды.

Жұмысты жазу барысында жинақтау, сараптау, талдау, синтез сияқты жалпы ғылыми әдістер қолданылады. Сонымен қатар, арнайы зерттеу әдісін, салыстырмалы талдау, проблемалық тәсілдер пайдаланылады.

Тақырыпты жаңа көзқарас тұрғысынан саралауда қазіргі кезеңде қалыптасқан обьективтілік және сыни талдау мен сыни зерделеу принциптері басты ұстанымда болды. Диссертацияның әдістемелік негізі - тарихи және жүйелілік болып табылады. Жалпы тарихи әдіс - ғылымда кең тараған әдіс түрі. Қазақ газетінің қызмет еткен кезеңін, онда орын алған оқиғалардың саяси тарихын зерттеуде, сол заман кеңістігін зерделеуге үлкен септігін тигізді.

Тарихи-генетикалық әдіс XX ғасыр басындағы басылмдардың пайда болу алғышарттарын, оның құрылымдық ерекшеліктерін және ағартушылық бағытының қалыптасу динамикасын анықтауға мүмкіндік берді. Газет материалдарын мазмұндық тұрғыдан жүйелеу үшін талдау әдісі пайдаланылып, онда оқу-ағарту мәселелеріне арналған мақалалардың тақырыптық жіктелуі, негізгі идеялары мен авторлық ұстанымдары айқындалды.

Деректанулық талдау. Бұл әдіс тарихи деректердің түпнұсқалығын, шынайылығын және мазмұндық ерекшелігін анықтауға бағытталған. Баспасөз материалдарын дерек ретінде талдау кезінде автордың көзқарасы, мақаланың идеологиялық бағыты, жазылу уақыты мен контексті ескеріледі.

Контент-талдау – баспасөз материалдарының тақырыптық құрылымы мен мазмұнын сандық және сапалық тұрғыдан сараптау тәсілі. Бұл әдіс арқылы білім беру және ағартушылық тақырыбының жиілігі, негізгі терминдер мен идеялардың жиілігі анықталады.

Педагогикалық-әдістемелік талдау. Бұл әдіс мерзімді баспасөз материалдарын білім беру процесінде пайдаланудың тиімді жолдарын айқындайды. Әдістемелік талдау арқылы тарихи мазмұн мен оқу үдерісін ұштастыру, тарихи деректі оқушының танымдық әрекетінің объектісіне айналдыру жолдары анықталады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар): XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз - қазақ халқының рухани жаңғыруы мен ұлттық сана-сезімінің қалыптасуында шешуші рөл атқарған

ағартушылық идеялардың басты қайнар көзі болды. «Серке, “ Бірлік туы ”, “ Қазақ газеті ”, “Дала” (жылы белгісіз)، “ Қазақстан ” “Ешім даласы ” (1913), “Қазақ ”, Айқап ”, “Алаш”, “ Сарыарқа ”, “ Ұран ” (1917) Үш жүз ” (1917), “ Тіршілік ” (1917) ” газеті сияқты басылымдарда білім беру, жаңа мектеп үлгісін енгізу, мұғалім даярлау және ана тіліндегі оқулықтар шығару мәселелері кеңінен талқыланды.

- Ұлттық баспасөз материалдары – тарихи дерек көзі ретінде XX ғасыр басындағы педагогикалық ой мен білім беру жүйесінің даму бағыттарын зерттеуде маңызды деректік база болып табылады. Бұл материалдар тарихи фактілер мен қоғамдық пікірді, ағартушылық қозғалыстың мазмұны мен мақсаттарын нақты деректер арқылы тануға мүмкіндік береді.

- Қазақстан тарихы пәнінде ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын пайдалану әдістемесі тарихи білімнің мазмұнын байытып, оқушылардың дерекпен жұмыс жасау, талдау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын дамытады. Бұл - оқушылардың зерттеушілік және сыни ойлау қабілеттерін қалыптастырудың тиімді жолы.

- Пәнаралық байланыс ұстанымын қолдану арқылы баспасөз материалдарын әдебиет, мәдениет, саясат тарихымен байланыстыра оқыту – білім алушылардың тарихи контексті кешенді түсінуіне жағдай жасайды. Мұндай тәсіл тарихи деректердің әлеуметтік және мәдени мәнін ашып көрсетеді

- Баспасөз материалдарын оқытуда жобалық және интерактивті әдістерді (дебат, дерекпен жұмыс, рөлдік ойындар, талдау-кейс әдісі және т.б.) қолдану - білім беру процесін жандандырып, оқушылардың белсенді танымдық әрекетін арттырады.

- Тарих сабағында мерзімді баспасөз материалдарын жүйелі пайдалану - ұлттық тарихты жаңаша тануға, тарихи сананы, елжандылық пен мәдени-рухани құндылықтарға құрмет сезімін тәрбиелеуге бағытталған инновациялық әдістемелік негіз болып табылады.

- Зерттеу нәтижесінде XX ғасыр басындағы баспасөз материалдарын қолданудың әдістемелік моделі жасалды. Ол деректік талдау, салыстырмалы талдау және тарихи реконструкция әдістерін біріктіреді және орта мектеп пен жоғары оқу орындарының оқу процесіне бейімдеуге мүмкіндік береді.

- XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз қазақ қоғамындағы білім беру мен ағарту мәселелерін көтерудің негізгі қоғамдық мінбері болып, ұлттық сананы қалыптастыру мен қоғамды жаңғыртуда шешуші рөл атқарды. Баспасөз беттерінде жарияланған материалдар білім беру саласындағы өзекті мәселелерді айқындап қана қоймай, оларды шешудің нақты бағыт-бағдарын ұсынды.

- Ұлттық мерзімді баспасөздегі білім беру мен ағарту мәселелері ұлттық интеллигенцияның қоғамдық-ағартушылық қызметімен тығыз байланыста дамыды. А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев және басқа да зиялылардың публицистикалық еңбектері білімді ұлттық жаңғырудың басты тетігі ретінде қарастыруымен ерекшеленеді.

- XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөз материалдары білім беру тарихының маңызды дереккөзі болумен қатар, оларды Қазақстан тарихы пәнін оқытуда дидактикалық әлеуеті жоғары тарихи дерек ретінде пайдалануға болады. Бұл материалдар білім алушылардың тарихи ойлау, дерекпен жұмыс және сыни талдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

- Ұлттық мерзімді баспасөздегі ағартушылық идеяларды жүйелеу барысында мектеп ашу, мұғалім даярлау, ана тілінде оқыту, оқулық жазу және білім мазмұнын жаңарту мәселелері негізгі тақырыптық бағыттар ретінде айқындалды. Аталған мәселелердің мазмұны қазіргі Қазақстандағы білім беру реформаларымен тарихи сабақтастықта қарастырылуы мүмкін.

- Ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытуда қолдану құзыреттілікке негізделген және дерекке бағытталған заманауи оқыту тәсілдерімен үйлесімді болып табылады. Бұл тәсілдер оқушылардың белсенді танымдық әрекетін арттырып, тарихи сананы қалыптастыруға ықпал етеді.

- Ұлттық мерзімді баспасөзді цифрлық форматта талдау (контент-анализ, дискурс-анализ, мәтіндерді цифрлау) оларды оқыту үдерісіне енгізудің тиімділігін арттырады және тарихи деректерді заманауи білім беру технологияларымен ұштастыруға мүмкіндік береді.

- XX ғасыр басындағы ағартушылық идеяларды Қазақстан тарихы пәнінде оқыту тарихи тәжірибені қазіргі білім беру мазмұнымен байланыстыруға жағдай жасап, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру моделін қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

– XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселелерін қазақстан тарихы пәнінде оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды. Зерттеу барысында ұлттық баспасөз материалдарын тарихи дерек көзі ретінде пайдаланудың ғылыми-педагогикалық мүмкіндіктері нақтыланды;

– «Қазақ», «Айқап», «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ақ жол», «Тіршілік» сияқты ұлттық мерзімді баспасөз басылымдарындағы білім беру, ағарту, мектеп, мұғалім даярлау, ұлттық тәрбие мәселелерінің мазмұны жүйеленіп, олардың тарихи-танымдық маңызы анықталды;

– XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөз материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде пайдаланудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Аталған модель білім алушылардың тарихи танымын қалыптастыруға, деректермен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға және сыни ойлау қабілеттерін жетілдіруге бағытталды;

–Ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын оқыту процесінде қолданудың тиімді әдіс-тәсілдері, соның ішінде дереккөздерді салыстырмалы талдау, проблемалық оқыту, интерактивті тапсырмалар және тарихи құжаттармен жұмыс түрлері айқындалды;

–2023-2026 жылдары аралығында үш жылдық педагогикалық эксперимент жүргізілді. Оның нәтижесінде оқушыларға арналған элективтік

курс жасалып, жалпы білім беретін мектептердің оқу процесіне енгізілді, мектептер үшін әдістемелік ұсынымдар дайындалды.

- әдістеменің нәтижелілігі расталды: бақылау тобында төмен деңгейдегі оқушылар саны 76-дан 65 балаға ғана азайса (28,9%), орташа деңгей 124-тен 126-ға (56,2%), жоғары деңгей 24-тен 26-ға (11,8%) ғана жетіп, шағын ғана өзгеріс көрсетті. Тәжірибелік-эксперимент нәтижелері XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру және ағарту мәселелерінің білім беру тәжірибесіне енгізудің тиімділігі дәлелденді.

–Зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми мақалалар жарияланды: халықаралық конференцияларда баяндамалар жасалды, ҚР Ғылым және білім министрлігі білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынылған журналдарда жарық көрді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығының негіздемесі:

- XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді баспасөз материалдары алғаш рет білім беру және ағарту мәселелерін тарих сабағында оқытуға арналған дереккөз ретінде қарастырылды;
- Ұлттық басылымдардағы педагогикалық ойдың мазмұны мен бағыттары кешенді түрде талданып, олардың тарихи-педагогикалық және әдістемелік маңызы айқындалды;
- Мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру саясатына қатысты жарияланымдар жүйеленіп, тақырыптық-идеялық жіктелуі ұсынылды (сауатсыздықты жою, мұғалім даярлау, оқулықпен қамтамасыз ету, жаңа әліпбиге көшу және т.б.);
- Ұлттық баспасөздің ағартушылық қызметі мен оның Қазақстандағы жаңа үлгідегі мектеп жүйесінің қалыптасуына ықпалы тарихи сабақтастық тұрғысынан дәлелденді;
- XX ғасыр басындағы мерзімді басылым материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері жасалды, яғни тарихи деректерді оқу процесіне енгізудің тиімді жолдары анықталды;
- Ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын оқу-әдістемелік құрал ретінде пайдалану тәсілдері ұсынылып, тарихи білім беру мазмұнын байытудағы маңызы нақтыланды.
- XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөздегі білім беру мен ағарту мәселелері Қазақстан тарихын оқыту тұрғысынан арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылды;
- Ұлттық баспасөз материалдары тарихи дерек көзі ғана емес, оқытудағы тиімді дидактикалық құрал ретінде негізделді;
- Ағартушылық идеяларды оқытуда пайдаланудың заманауи әдістемелік үлгілері ұсынылды;
- Ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын тарихи сананы қалыптастыруға бағытталған оқу үдерісіне енгізудің мүмкіндіктері айқындалды.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың стратегиялық бағыттарымен, оның ішінде білім беру мазмұнын жетілдіру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, білім алушылардың тарихи танымын дамыту және оқу үдерісіне заманауи педагогикалық технологияларды енгізу міндеттерімен сабақтасады.

Атап айтқанда, зерттеу мазмұны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» көзделген білім беру сапасын арттыру, білім алушылардың зияткерлік әлеуетін дамыту және ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие беру міндеттерімен үндеседі.

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249
- Әдістемелік бөлімде зерттеушілік қызметке, сыни ойлауға және білім беру технологияларына қатысты Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) және үлгілік оқу бағдарламаларының (2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрық) талаптары ескерілді.

Зерттеу жұмысының ғылыми және тәжрибелік маңызы. Зерттеу нәтижелерін Қазақстан тарихы, Педагогика тарихы, Мерзімді баспасөз тарихы сияқты пәндерді оқытуда қосымша оқу материалы ретінде пайдалануға болады. Ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын сабақта қолдану бойынша ұсынылған әдістемелік тәсілдер мұғалімдердің дерекпен жұмыс істеу тәжірибесін жетілдіруге және оқушылардың тарихи талдау, салыстыру, интерпретация жасау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Жинақталған материалдар мен талдауларды оқу-әдістемелік құралдар, хрестоматиялар, элективті курстар мен арнайы семинарлар дайындауда қолдануға болады. Мерзімді баспасөзді тарихи-танымдық ресурс ретінде пайдалану оқушылардың сыни ойлау қабілетін, тарихи фактілерді бағалау және түсіндіру дағдыларын дамытуға зор мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерін: Қазақстан тарихы пәнін оқытуда; арнайы курстар мен элективті пәндерде; мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар дайындауда; жоғары оқу орындары мен мектептерде пайдалануға болады.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы:

Зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 7 мақала жарияланды:

1. Ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім мен ағартушылық тарихы (XX ғасыр басы)//Абайатындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1(76), 2023ж.38-48 бб. https://doi.org/10.51889/1728-5461.2023.1.76.004 (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-80%). Қосалқы автор- Ғ.Қ. Кенжебаев.
2. «Қазақ» газетінде оқу-ағарту мәселесінің көтерілуі// «Отан тарихы» журналы, № 28(1), 2025 ж. 139-152 бб. https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_1_139-151(Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-80%). Қосалқы автор- Ғ.Қ. Кенжебаев.
3. Қазақ газеті бетіндегі оқу-білімге қатысты мақалаларды тарих пәнінде оқытудың әдістемелік негізі//Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1(84), 2025.-323-340 бб. https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.84.1.023 (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-100%).
4. Issues of shaping a new model of the kazakh school in early 20thcentury press materials//Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №2(85),2025.-448-461 бб. https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.85.2.033 (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-100%).
5. XX ғасыр басындағы «Бірлік туы» газетінің білім беру мәселелерін көтерудегі рөлі //Asian Journal «Steppe Panorama». №12 (6), 2025 ж. -207-220 бб. https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_6_1762-1775 (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-80%). Қосалқы автор- Ғ.Қ. Кенжебаев.
6. The newspaper «Saryarqa as a source of the history problems of the madrasah school at the early twentieth century» //Әл-Фараби атындағы КазҰУ Хабаршысы, «Тарих» сериясы. 2026 ж. № 121 (2). (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-80%). Қосалқы автор- М.М. Муратказин
7. XX ғасыр басындағы мерзімді баспасөздегі педагогикалық ұстанымдар //І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Хабаршысы, «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. 2026 ж. №3 (120). (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-80%). Қосалқы автор- Ғ.Қ. Кенжебаев.

Жақын және алыс шет елдерде өткізілген халықаралық – практикалық конференция материалдары:

8. Алаш съездеріне даярлық «Қазақ» газеті беттерінде// «Түркі халықтарының тарихы мен шығу тегі» атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференция материалдары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы 2023. -139-142 бб. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-100%).
9. «Қазақ» және «Айқап» мерзімді басылымдарындағы Қазақстан тарихы мәселелері.//Жошы ұлысының 800 жылдығына арналған «Жошы ұлысы: тарихы, мұрасы және тағлымы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми – практикалық конференция материалдары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ:

«Ұлағат» баспасы 2024. 122-145 бб. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-100%).

10. XX ғ. басындағы мерзімді баспасөз мәселесі және С.Сәдуақасовтың мемлекеттік тіл мен ағарту турасындағы көзқарастары// Смағұл Сәдуақасовтың туғанына 125 жыл толуына арналған «Смағұл Сәдуақасов: уақыт пен мұра» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.- – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 84-88 бб. 2026ж. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-100%).

11. Қазақ ұлттық баспасөз материалдарын тарих сабақтарында пайдалану әдістемесі// Көрнекті тарихшы-ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ермұхан Бекмахановқа арналған «Қазіргі кезеңдегі отандық тарих ғылымының дамуы және оның бағыттары» тақырыбында «Бекмаханов оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинағы. 29 мамыр, 2026 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2026. 138-142 бб. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-100%).

Қазақстанның ғылыми журналдарында жарық көрген ғылыми еңбектер:

12. Қазақстан тарихы пәніндегі ұлттық мерзімді баспасөз материалдарының білімдік және тәрбиелік маңызы (XX ғасыр басы)// «Uzdik ustaz» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал.Алматы: Мамыр, № 01(05). 2024 ж. 43-45 бб. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-100%).

13. Қазақстан тарихы пәнінде ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын оқытудың әдістемелік негіздері (XX ғасыр басы)// «Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық газеті. 2025 ж. №12-(71-1434-журнал).63-65 бб. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі-100%).